

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МҚКК
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№2 ӨНЕР МЕКТЕБІ» ШЖҚ МҚК**

«Күй-тарту»

(жас домбырашыларға арналған авторлық күйлер жинағы)

Астана қаласы, 2025 ж.

Білім беру ұйымы әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралды, Қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2024 жылғы 04 қыркүйек №1 хаттама)

Рецензенттер:

Д.Е.Кожебаев - Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкалық орындаушылық және педагогика кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD).

Г.А.Камзина - № 2 балалар музыка мектебінің педагогі, педагог-шебер, өнертану ғылымдарының магистрі, «Б.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері.

Әзірлеуші: К.С.Кырыкбаева, «Күй-тарту» жас домбырашыларға арналған шағын күйлер жинағы, Астана қ. 2025 ж., 22-бет.

Аңдатпа

Бұл жинақта оқушыларға арналған бірнеше шағын, жеңіл авторлық күйлер ұсынылған. Жинаққа енген авторлық шығармалар аспапты енді бастаған оқушыдан бастап жоғары сыныптарда ойнауға лайықталған. Ансамблде ойнаудың қыр-сырын, орындау мәдениетін меңгеруге, оқушының орындаушылық шеберлігін арттыруға көмекші құрал.

Музыка және өнер мектептері педагогтеріне әдістемелік көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

Мазмұны

Кіріспе	4
Түсіндірме жазба	5
«Жайлауда».....	7
«Құлыншағым»	8
«Әжем	9
«Ақназар».....	10
«Жүрек дауысы».....	12
«Бүркіт».....	14
«Уақыт».....	16
«Жаңбыр тамшысы.....	18
«Түркістан.....	20
Пайдаланған әдебиеттер.....	22

Кіріспе

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар музыкалық қазынасының терең бір арнасы –күй өнері. Бұл өнер кезеңдерінің қатал сын-дауылдарынан мүдірместен өтіп, өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпелілердің биік руханияты мен мәдениетінің сарқылмас бұлағына айналды. Қазақ күй өнері тек ұлттың музыкасы ғана емес, ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің маңызды бөлігі. Күй арқылы қазақ халқы өзінің ішкі сезімін, дүниетанымын, дүниедегі орнын білдіреді. Сондықтан күй өнері ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала береді.

Жылдар өткен сайын жаңа буын ақындары, әншілері, күйшілерінің заманға сай шығарған туындылары бірте-бірте жарық көріп жатты. Солардың ішінде ХІХ ғасырда қазақтың күйшілік өнерін қалыптастырған Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Дина, Сүгір, Байсеркелерді атасақ, дәстүрлі әншілік өнерде Абай, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Ыбырай, Нартай, Мәди, Иманжүсіп, Мұхит, Кенен Әзірбаевтың есімдерін зор мақтанышпен айта аламыз.

Жинақтың өзектілігі: Музыка және өнер мектептерінің оқушыларына домбыра өнеріне деген қызығушылықтарын дамыту. Бастауыш буынға күй өнерін насихаттау мақсатында музыка және өнер мектептеріндегі ұстаздарға көмекші құрал ретінде осы аталған күй жинағымды ұсынамын.

Жинақтың мақсаты: Музыка және өнер мектептеріндегі жаңадан үйреніп келе жатқан жас домбырашыларға күйлерді сауатты ойнап үйрету;

Міндеттері:

- Оқушыға домбыра аспабын үйренудегі бастапқы қадамды түсіндіре отырып музыкалық сауаттық маңыздылығын түсіндіре білу.
- Оқушыға ырғақты сезіну, зейінің қалыптастыру, өз бетімен жұмыс жасау, жалпы өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.
- Домбырашыларға күйлердің репертуарын толықтыру.

Түсіндірме жазба

Домбыра аспабын жаңадан үйреніп бастаған оқушыларға арналған шағын күйлер.

«Жайлауда» күйі – қазақтың кең даласында жайлаған мал мен адамдардың тыныс-тіршілігін, жайлау өмірінің әсемдігін және табиғаттың сұлулығын бейнелейтін күй. Орташа екпінде орындалатын жеңіл күй.

«Құлыншағым» күйі- «құлыншағым»- қазақ тілінде «құлыншақ» деген сөздің синонимі болып табылады, ол тәтті, сүйкімді жануарларды білдіреді. Күйдің әуені балалардың бейқамдығы мен нәзік сезімдерін, табиғат пен адамның арасындағы үйлесімділікті білдіреді. Күй нәзік ритм мен динамиканы қолдана отырып, орташа екпінде орындалады.

«Әжем» күйі – қазақ халқының үлкендерге, әсіресе әжелерге деген құрметін, олардың өмірлік тәжірибесі мен даналығын, сондай-ақ олармен байланысты естеліктер мен сезімдерді бейнелеген. Әженің жылылығы, мейірімі мен тыныштық беретін болмысы сипатталған күй орташа екпінде, еркін орындалады.

«Ақназар» күйі - шынайы жүрегіммен шыққан бұл күйді Ақназар ұлыма арнадым. Күйдің әуені ұлымның әлемге деген көзқарасын, сезімдерін көрсететіндей, өте жұмсақ және нәзік. Әуендегі әрбір нотада кішкентай ғана тәп-тәтті баламның таза, шынайы жанының үні, ізгі тілегі жатыр. Өскенде тыңдай жүрсін деп, болашағына үлкен үміт, ертеңгі күніне сенімді білдіріп осы күйді естелік ретінде менен өзіне қалдырғым келді. Күй жүрдек, жеңіл, нәзік әрі ойнақы болып ойналады.

«Бүркіт» күйі - бүркіт-қазақтың аңшылық өнерінде ерекше орын алған құс, ол батылдықты, күшті, еркіндікті, биікке ұмтылуды символиздейді. Табиғаттың күшті де қайсар бейнесін бейнелейтін, биікке ұмтылған адамның арманын, ерлікті тәуелсіздікті бейнелейді. Жылдам, жігерлі орындалатын күй.

«Уақыт» күйі - бұл күй адамның өміріндегі жолы, оның өткінші сәттері бейнелейді. Уақыт-қазақ мәдениетінде үлкен мәнге ие ұғым, ол тек өткеннің емес, келешектің де бейнесі болып табылады. Күйде осы уақыттың әр сәтінің маңыздылығы, күй арқылы уақыттың әрбір сәтін бағалап, өткеннен сабақ алып, болашаққа сеніммен қадам басуға шақыратын орташа екпіндегі күй.

«Жаңбыр тамшысы» күйі – тыныштықты, жаңбырдың жерге түскен сәті, салқын тамшыларының үзіліссіз ағымдысын, әрі өмірдің қайталанбас сұлулығын

бейнелейді. Жаңбыр тамшысы кейде үміттің, сағыныштың немесе жаңа бастаманың символы ретінде қабылданады. Күй орташа екпінде, сезіммен, ойлана ойналынады.

«Жүрек дауысы» күйі - сезімдер мен эмоцияларына терең бойлап, оның жүрек түкпіріндегі үні мен жан дүниесін білдіреді. Күйдің әрбір бөлімі адамның ішкі әлемінде болып жатқан жан дүниелік өзгерістерді бейнелейді. Асықпай, ойлана орындалатын шығарма.

«Түркістан» күйі- Түркістан- қазақ халқының рухани орталығы, қазақтың ұлы тұлғаларының мәңгілік мекені, сонымен қатар Түркі әлемінің тарихи, мәдени орталығы ретінде белгілі. Жалпы түркі халықтарының рухани ордасы, онда Қожа Ахмед Яссауи сияқты ұлы тұлғалардың өмірі мен мұрасы жатыр. Күй осы тарихи орынның маңыздылығын, оның халық үшін рухани баспана болып табылатынын көрсетеді. Күй жылдам әрі терең сезіммен орындауды қажет етеді.

Жайлауым

Құралай Қырықбаева

Орташа екпінде

ff

Құлыншағым

Құралай Қырықбаева

Орташа екпінде

mp

f

mp

Әжем

Құралай Қырықбаева

Орташа екпінде

ff

Ақназар

Құралай Қырықбаева

Жылдам, көңілді

mp

mf

ff

mp

ba

Жүрек дауысы

Куралай Кырыкбаева

Асықпай, ойлана

The musical score is written in 2/4 time with a key signature of three flats (B-flat, E-flat, A-flat). It consists of ten staves of music. The first staff has the title 'Асықпай, ойлана' above it. The music features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several repeat signs and a double bar line at the end of the piece.



Бүркіт

Құралай Қырықбаева

Жылдам

mp
mf
ff
mp



Уақыт

Қырықбаева Құралай

Орташа екпінде

The musical score is written for a piano in 2/4 time, featuring multiple staves with various musical notations including dynamics (tr, f, p), articulation (accents), and repeat signs. The score is written in G major (one sharp) and 2/4 time. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The music consists of several measures of eighth and sixteenth notes, with some measures containing accents (^) and a trill (tr) marking. The score includes repeat signs (double bar lines with dots) and dynamic markings such as *tr*, *f* (forte), and *p* (piano). The notation is spread across 15 staves, with some staves containing multiple measures of music. The overall structure suggests a short, expressive piece.

Handwritten musical score on six staves, all in treble clef and key of D major (two sharps). The notation includes various note values, rests, and dynamic markings.

Staff 1: Four measures of eighth-note patterns. The first measure contains a natural sign over the second eighth note.

Staff 2: Four measures of eighth-note patterns. The first measure contains a whole note.

Staff 3: Four measures of eighth-note patterns. The first measure is marked *mp* (mezzo-piano). The first two measures are enclosed in a repeat sign.

Staff 4: Four measures of eighth-note patterns. The first two measures are enclosed in a repeat sign.

Staff 5: Four measures of eighth-note patterns. The first measure contains a natural sign over the second eighth note.

Staff 6: Four measures of eighth-note patterns. The first two measures are enclosed in a repeat sign. The final measure ends with a double bar line.

Жаңбыр тамшысы

Құралай Қырықбаева

Орташа екпінде, сезіммен

Музыкальная партитура для мелодического инструмента (например, фортепиано) в 6/8 такта. Ключевая подпись: один flat (B-flat). Темп/настроение: Орташа екпінде, сезіммен. Партитура состоит из 10 тактов. В первом такте есть две пометки 'v' над нотами. В последующих тактах встречаются пометки '2', '4', '3', '6' над и под нотами, указывающие на ритмические особенности или акценты.

The musical score is written for guitar in B-flat major (two flats). It consists of ten staves. The first staff contains a melodic line with eighth and sixteenth notes. The second staff continues the melody with some chords. The third staff shows a more complex melodic line with some chords. The fourth staff is a series of chords. The fifth staff includes fingerings (2, 4, 3, 6) and accents (V). The sixth staff is a series of chords. The seventh staff includes fingerings (2, 4, 3, 6) and accents (V). The eighth staff is a series of chords. The ninth staff is a series of chords. The tenth staff is a series of chords, ending with a fermata.

Түркістан

Құралай Қырықбаева

Жылдам, терең сезіммен

mp

ff

mp

2

mf

mp

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Жұбанов. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975.- 45 б.
2. Домбырадан сабақ беру методы. Х.Тастанов., Алматы: «Жазушы»
3. баспасы,1970. - 74 б.
4. Кюй. Звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология. Надирбеов Ж. Р.Экожан, 2010. - 140 с.
5. Домбыра үйрену мектебі. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Алматы: Өнер, 1983 . - 147 б.
6. Домбыра үйрену мектебі. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Алматы: Өнер,1992. - 240 б.
7. Домбыра үйренейік. Ө.Спанов. Алматы: Әуен, 2000 – 76 б.
8. Домбыра ойнау оңайма?. Ж.Нәжімеденов. Алматы: Өнер, 2008. - 152 б.
9. Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов. - Өнер, 1985.- 60 б.
10. Күй қайнары. Райымбергенов А., Аманова С. Алматы: Өнер, 1990. - 288 б.
11. Музыка. 2-сынып. Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Токжанов. Алматы: Атамұра. 2017.
- 12.Күй керуені. .А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Алматы: Өлке, 1997. - 160 б.
13. Қазақтың күй өнері. Ақселеу Сейдімбек. Астана: Күлтегін, 2002. - 831 б